

«Нұра жалпы білім беретін мектебінің»КММ

Бекітемін



Мектеп директоры:Д.И.Мусин

«Жас Ұлан»ұйымының 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс жоспары бойынша атқарылған есебі

Тәлімгер:Н.А.Даримбаева

2021-2022оқу жылы



**Нұра жалпы білім беретін мектептің тәлімгері Н.А.Даримбаеваның  
«Жас Ұлан» ұйымының 2021-2022 оқу жылындағы жұмыс жоспары  
бойынша атқарылған іс-шара есебі**

2011 жылы Елбасымыздың бастамасы бойынша «Жас ұлан», «Жас қыран» Республикалық балалар ұйымы құрылды. Біздің мектебімізде де оқуда озат, тәртібі үлгілі, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, білім, өнер, спорт сайыстарының жеңімпаздары болып жүрген 20 бала «Жас Ұлан» ұйымына, 15 оқушы «Жас қыран» ұйымына қабылданды.

«Жас Ұлан» қоғамдық ұйымының жарғысы мен ережесі, Анты, ұраны мен әні қабылданды, апта сайын кеңесін өткізіп, өз қалаулары бойынша үйірмелерге қатысып отырады.

Оқу жылының басында жаңа оқу жылына арналған жоспар құрылып, бекітіледі.

Қыркүйек білім күніне орай алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар оқылық!» салтанатты жиыны мерекелік нөмірлер 1 сынып оқушыларымен орындалып, мектеп директоры Д.И.Мусин бүлдіршіндерге «Әліппе», оқулығын табыстады. Мектебіміздегі барлық сынып жетекшілер өз сыныптарында «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты сынып сағаттарын өткізді. Тәрбие сынып сағаттарының мақсаты, мазмұны ұсынылды. Білім күні бұл ең алғаш қоңырау, көп әсем гүлдер және ақ бантик күні, әрине, дәстүрлі ең алғаш сабақ, әлем сабағы. Мектеп табалдырығын ең алғаш рет аттаған балалар үшін бұл күн өте маңызды, көптен күткен күн. Қиыншылыққа мойынсынбай барынша халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында да, одан кейінгі кезеңдерде де, талай қиямет – қайым күндерді де, талай қилы замандарды, кескілескен шапқыншылықтарды да бастан өткерді. Білектің күшімен, найзаның ұшымен, соңғы демі қалғанша туған жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырған ұлы даланың ұлы кемеңгерлерінің арқасында бақытты өмір кешудеміз.

Нұра жалпы білім беретін мектебінде «Отбасы- бақыт мекені» атты өткізілген республикалық апталық туралы мәлімет.



05.09.2021 жылы «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында өткізілетін апталықтың іс-шара жоспары жасалып, бекітілді.

06-10.09.2021 жыл аралығында тәлімгер Н.А.Даримбаева, сурет пән мұғалімі басшылығында «Отбасы бақыт мекені» атты республикалық апталық барысында «Менің отбасым бақытты» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 5-6 сынып оқушылары белсене қатысты.

06.09. 2021 жылы тәлімгер Н.А.Даримбаева басшылығында «Отбасы – өмірдің мәні» тақырыбында оқушылар арасында акциялар ұйымдастырылды.

07-08.09.2021 жылы 1-11 сынып жетекшілерінің басшылығында «Ата-ананы құрметтеу—әрбір адамның қасиетті борышы», «Берік отбасы –адамның сенімді тірегі», тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

08.09.2021 жылы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Тохметованың басшылығында «Жастар тәрбиесі-өзекті мәселе» тақырыбында оқушылар арасында жиналыс өткізілді.

09.09.2021 жылы дене шынықтыру бірлестік жетекшісі басшылығында «Салауатты өмір салты-ұлт денсаулығының кілті» тақырыбында отбасылық спорттық сайыс ұйымдастырылды.

«Қарттарым-асыл қазынам» қариялармен кездесу, әңгіме жүргізу, қолғабыс ұйымдастырылды.

Төрінен қарт кетпесін деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу- біздің ата дәстүріміз, Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігінді ұмыту әсте жарамайды. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Нұра жалпы білім беретін мектебінде 1 қазан- " Халықаралық қарттар күніне" орай "Жан жылуын сыйлаймыз" атты қарттарға қолғабыс жасау күні ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты: оқушылардың бойына үлкенді сыйлап, ұлттық сал-дәстүрін сақтауға, қарттардың сөздерінен ғибрат алуға тәрбиелеу. Қарияларымызды құрметтеп, мектебіміздің "Жас ұлан" мүшелері



ауылда тұратын қарт ана Зарияш апамызға барды. Қарияларды ардақтау- біз үшін парыз. " Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" ете білген, бізге тағлымды жол көрсеткен аға ұрпақтың берген тәрбиесі мен тәлімі мол.

Қазыналы қарияларымызды қадірлейік!!!

#ЖАСҰЛАН\_10ЖЫЛ



25.10.2021 жұлдызы күні Нұра жалпы білім беретін мектебімізде тәлімгер Н.А.Даримбаеваның жылдық жоспарына сай "Алтын күз -2021 жыл" тақырыбында көкеністер мен жеміс-жидектерден жасалған қолөнер көрмесі ұйымдастырылды! Көрмеге мектебіміздің ЖАС ҰЛАН, ЖАС ҚЫРАН балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері қатысты. Көрмеге ұсынылған барлық жұмысты мектебіміздің директоры Д.И.Мусин , өзін-өзі басқару ұйым президенті, жас ұлан, балалар өкілдігі ұланбасы көріп, үздік жұмыстарға жүлделі орындарды тағайындады.

27.10.2021 жұлдызы күні Нұра жалпы білім беретін мектеп «Тәуелсіз елдің ұрпағы» тақырыбында "Балалар өкілдіктерінің өкілдерім кездесу" ұйымдастырылды.



29.10.2021 жұлдызы күні мектепшілік Ұйым мүшелерінің қатысуымен алдын ала үміткерлер өз бағдарламасын ұсынып, қорғады. Сайлауға Ұланбасы үміткерлікке 4 оқушы қатысты.

Барлық үміткерлер өз бағдарламасын постер арқылы қорғап шықты. Сайлауда комиссия мүшесіне Балалар өкілдігінің ұланбасы, Адал ұрпақ ерікті клуб белсенді мүшесі, мектеп психологы және тәлімгер Н.А. Даримбаева әділқазы алқасы болып қатысты. Ұсынылған бағдарламалар барлығы тыңдалып, дауыс берілді. Әділқазы шешімі бойынша Шамитова Толғанай Ұланбасы болып сайланды.

Ұйымның мүшелеріне 7 бөлімді басқару міндеттеледі.

Ішкі тәртіптің сақталуын қадағалау, мереке кезінде тәртіп жөнінде кезекші мұғалімге көмектесу, мектептегі кезекшіліктің атқарылуын басшылыққа алу, сонымен қатар оқушылардың тазалығына, ұқыптылығына, мектеп мүлігінің сақталуына үнемі бақылау жасауда.

- «Зерде» танымдық бағыты – отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, өзін-өзі тану;

- - «Руханият» бағыты – адамгершілік, адалдық бағыты;

- - «Отан» бағыты – патриоттыққа тәрбиелейді;

- - «Салауат» бағыты – салауатты өмір салтын насихаттайды;

- - «Еңбек» - еңбексүйгіштік, іскерлікке бағыттау;

- - «Жетіжарғы» - құқықтық бағыт;

- - «Экоәлем» - экологиялық бағыт.

2021-2022 оқу жылындағы «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымның жоспарына сай жұмыс атқарады. Ұйым ұланбасшысы мен комитет мүшелері мектеп оқушыларына таныстыстырылды. Ұйымның айлық жоспарына сай жұмыс жүргізеді. Мектепте сабақтар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады.

16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиын сценарийі құрылып бағдарламасы құрылды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына оқушыларды қабылдау рәсімі болып өтті.

"Жас Ұлан" ұйымының әрбір мүшесі қоғамдық өмірде, тұрмыста ата-анасын шынайы сыйлап, Туған елін шексіз сүюі қажет. Оқуда, еңбекте өжет те қайсар, әрқашанда шыншылдық үшін күресуге дайын болуы керек.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 2011 жылы 6 шілдеде еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқұмар, білімге құштар, салт - дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді, отансүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын. Елбасымыздың қолдауымен құрылған ұйымына биыл 10 жыл толды.

Нұра жалпы білім беретін мектебі бойынша «Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау туралы.

Нұра жалпы білім беретін мектепте «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2021-2022 оқу жылындағы жылдық жоспарына сәйкес 14 – желтоқсан күні «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты кеші өткізілді. Қабылданатын оқушылар «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына өтудің жауапкершіліктің мол екенін сезіне білді. Оның қатарына қабылданған оқушы мектептің қоғамдық жұмысына белсене араласып және сабақтарын жақсы оқып, өз елінің мақтанышы болатын азамат болуына міндеттейтінін сезінді. «Жас Ұлан» ұйымына мектебімізден 20 оқушы, «Жас Қыран» \_\_15\_\_ оқушы қабылданды.

Балалар ұйымы мүшелігіне қосылғаннан кейін қоғам өміріне белсене араласады, өзінің жас ерекшелігіне қарай қоғамдық қозғалыстарға қатысады, өздерін тұлға ретінде таныта алады. Өзінің қабілет - қарымын таразылап, үлкендер өміріне араласуға мүмкіндік алады.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Онда мектеп ұстаздары мен ата-аналар, оқушылар қатысты. «Жас Ұлан» ұйымына топ басшысы 5 сынып оқушысы \_Сейтжанов Нұрислам\_ мектеп



ұланбасына рапорт тапсырды. Ұйымға қабылданушы оқушылар «Өз Отаны – Қазақстанның патриоты болуға, «Жас Ұлан» ережесін, бұлжытпай, сақтап отырып, өзінің достарынан соны талап ете отырып, Отанды сүйеге салтанатты түрде ант берді. Ұйымның мүшелері «Қазақ елі» әнінің ырғағында жас қабылданушыларға галстуктарын тағып, кеуделеріне төс белгілерін қадап берді. Ұйым мүшелері «Жас Ұланның» Гимнін орындады. Мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, директоры Д.И.Мусин сөз сөйлеп «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдарына қабылданғандарды құттықтап, тілегін айтты. Ата-аналардың арасында да ізгі ниеттерін білдіріп жолдарына сәттілік тілеп, лебіздерін білдірді. Салтанатты жиынның жабылу рәсімі ретінде Ортада 3 сынып оқушылары - «Отан» әні ортада 3 сынып оқушыларының тартуы - «Отан» әні.

Бүгін ең жарқын және салтанатты күн – Нұра жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып оқушылары «Жас Қыран» республикалық балалар ұйымының мүшесі болады!

14.12.2021 күні Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйым қатары патриотты 20 оқушымен толықты!

Әрбір "Жас Қыран" мүшесі:





□ Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук тағу керек және Республикамыздың мемлекеттік нышандарын құрметтеп, мемлекеттік әнұранды жатқа айту қажет.

□ Өзін тұрмыста, қоғамдық өмірде сыпайы, қарапайым мінезде ұстайды.

□ Қазақ тілін еркін меңгеріп елдің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, өнерін, салт - дәстүрін жақсы білу, дамыта түсу сақтау үшін ынталы еңбектенетін болады.

□ Жасұлан ұйымының мүшесі - Отанына адал. Жасұлан ұйымының мүшесі - Отанының адал азаматтары.

□ Жасұлан ұйымының мүшесі - Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші.

□ Жасұлан ұйымының мүшесі - батырларымыздың атын құрметтеп, оның мәңгі қорғаушысы болуға дайындалады.

□ Жасұлан ұйымының мүшесі - оқуда, еңбекте және спортта өжет те қайсар.

□ Жас Ұлан ұйымының мүшесі - шыншыл, адал жолдас, әрқашан да шыншылдық үшін күресуге дайын болуы қажет.





22.12.2021 жылы кезектен тыс жиналыс өткізілді. Жиналысқа мектеп директоры Д.И.Мусин , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Т.Тохметова , оқу ісінің меңгерушісі Д.Т.Алибек, психолог, әлеуметтік педагог тәлімгер Н.А.Даримбаева, медбике 1-11 сынып жетекшілері, 1-11 сынып оқушылары қатысты.

Д.И.Мусин жалпы 1-11 сынып оқушыларына Жаңа жыл мерекесін өткізуге байланысты бұйрық шығарғандығын айтып, жалпы бұйрықты оқып таныстырды.

Мектепте Жаңа жыл кеші Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты «Жарқыра, жайна жаңа жыл-Тәуелсіз қазақ елінде» тақырыбында ұйымдастырылды.

Қаңтар айында Жас Ұлан ұйымының оқушыларымен «Қысқы керемет» сурет сайысы» өтті. Балалар өздерінің қиял ғажайып ойларындағы суреттерді бейнеледі. Наурыз аналар мерекесі күніне арналған «Аяулым сенсің анашым» атты мерекелік іс шара болып өтті. Ұлыстың ұлы күні «Наурыз келді ,көктем келді!» мерекесіне арналған іс шараға оқушылар белсене қатысты. Ұлы Жеңіс күніне арналған «Ешкім де ,ештенеді ұмытылмайды» тақтасына барып ардагерлермен кездесті.

5 мамыр 2022 жылы Республикалық «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйым қатары патриотты 13 оқушымен толықты.

Орындаған :

Н.А.Даримбаева